

Ленин жұл

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 60 (7020)

Сейсенбі 27 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20-тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы МАЛИНОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник ЗАХАРОВҚА

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуылға шығып, ВЭРТЗШХЕДЫШЭГ тауларында немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзып өтті, сөйтіп Будапештің батыс жағында немістердің ЕСТЕРГОМ ауданындағы әскер тобын талқандап, 45 километр алға басты. Шабуылдың барысында майдан әскерлері ЕСТЕРГОМ, НЕСМЕЙ, ФЕЛЫШЕТГАЛЛА, ТАТА қалаларын алды, сол сияқты 200 ден аса басқа елді жерлерді алды.

Бұл ұрыстар кезінде әскерлеріміз дұшпанның 7000 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудың 250 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, 300ден аса жәй зеңбірегін және көптеген басқа қару-жарағы мен соғыс мүлкін жойды, қолға түсірді.

Немістердің қорғанатын шебін бұзу және аталған қалаларды алу ұрыстарын да генерал-лейтенант ПЕТРУШЕВСКИЙДІ, генерал-майор БИРМАННЫ, генерал-майор КОДУНОВИЧТІ, генерал-майор СОСЕДОВТЫ, генерал-лейтенант БАХТИННІ, генерал-майор ГРИГОРОВИЧТІ, генерал-лейтенант РУБАНЮКТИ, полковник САГИТОВТЫ, полковник ДЕРЗИЯЕВТИ, генерал-майор БЕЛЯЕВТИ, генерал-майор КАРАМЫШЕВТИ, генерал-майор ГОРБАЧЕВТИ, генерал-майор МАРГЕЛОВТЫ, генерал-майор СОКОЛОВСКИЙДІ, полковник САЛЫЧЕВТИ, полковник ГУШКИННІ, полковник КОВТУН-СТАНКЕВИЧТИ, полковник БАЛДЫНОВТЫ, полковник АНДРЮКОВТЫ, полковник СМЕРНОВТЫ, майор БЫСТРОВТЫ әскерлері; контр-адмирал ХОЛОСТЯНОВТЫ, I ранг капитан СВЕРДЛОВТЫ, ДЕРЖАВИННІ, II ранг капитан АРЖАСКИННІ, майор ПАСМУРОВТЫ, басқаруындағы Дунай соғыс флотилиясының кемелері мен бөлімдері; артиллерия генерал-полковнигі ФМИННІ, артиллерия генерал-майоры ШУМАКОВТЫ, артиллерия генерал-майоры АЛЕКСЕЕНКОНЫ, артиллерия генерал-майоры ПАВЛОВТЫ, артиллерия генерал-майоры ИВАНОВТЫ, артиллерия генерал-лейтенанты ПЕТРОВТЫ, полковник БОРИСОВТЫ, полковник ПАВЛОВТЫ, полковник АДАЩЕВТИ, полковник МОТОВТЫ, полковник САЛАНСКИЙДІ, артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-полковнигі КУРНИННІ, генерал-лейтенант СВИРИДОВТЫ, полковник РУМЯНЦЕВТИ, полковник АЯЩЕНКОНЫ, полковник ТРОЦЕНКОНЫ, полковник КИРИЛЛОВТЫ, полковник ОГНЕВТИ, подполковник КОРЕЕВТИ, подполковник РОГАЧЕВТИ, подполковник ГОРДЕЕВТИ, подполковник РЫЖАНОВТЫ, майор ЛОГИНОВТЫ танкиштері; авиация генерал-полковнигі ГОРЮНОВТЫ, авиация генерал-лейтенанты СЕЛЕЗНЕВТИ, авиация генерал-лейтенанты СТЕПЧЕВТИ, авиация генерал-лейтенанты ПОДГОРНЫЙДІ, авиация генерал-лейтенанты КАМАНИННІ, полковник ЧАНПАЛОВТЫ, полковник РУБЕЗНІ, полковник СЕМЕНЕНКОНЫ, полковник САПРЫКИННІ, полковник КЛОБУКОВТЫ, полковник ШУТЕЕВТИ, полковник ЧИЖИКОВТЫ, полковник ТАРАНЕНКОНЫ, полковник ЮДАНОВТЫ, подполковник ЕРЕМИННІ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты ЦИРЛИННІ, полковник ПЕТРОВТЫ, полковник КОВАЛЕНКОНЫ, полковник МЯСНИКОВТЫ, полковник КАЛИНИЧЕНКОНЫ, подполковник ЗИМЕНКОНЫ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты ЛЕОНОВТЫ, полковник ЕГОРОВТЫ, полковник ДАВЫДОВТЫ, майор ВОЛЧКОВТЫ, майор ПОПОВТЫ, мемлекет хатшісінің полковнигі КАРПОВТЫ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне немістердің қорғану шебін бұзып өткен және ЭСТЕРГОМ, НЕСМЕЙ, ФЕЛЫШЕТГАЛЛАНЫ, ТАТАНЫ алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 25 мартта, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіреттен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, немістердің қорғану шебін бұзған және аталған қалаларды алған 2-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Немістердің қорғану шебін бұзған және ЕСТЕРГОМ, НЕСМЕЙ, ФЕЛЫШЕТГАЛЛА, ТАТА қалаларын алу ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 25 март.

№ 308.

Х А Б А Р

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы және Полномочиеді елшісі етіп тағайындады. Иван Васильевич Садчиков жолдасты ССР Одағының Югославиядағы Тетешке

Жүз жылдан артың уақыт ооына і ерма-
ния жерінде жаудың бірде-бір солдаты
болған жоқ, неміс армиясы тек басқа елдің
жерінде соғысып келді және соғыспақ деп
мақтанатын гитлершілдер. Енді немістер
бүйтіп мақтана алмайтын етілді.

И. СТАЛИН.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

3-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ВАСИЛЕВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник ПОКРОВСКИЙГЕ

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 25 мартта КЕНИГСБЕРГТИ, оңтүстік-батыс жағында, ФРИШ ГАФ қолтығы жағалауындағы немістердің қорғанатын ең соңғы тіректі бекінісі—ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬ қаласын алды, сөйтіп немістердің 7000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬ қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГОРБАТОВТЫ, генерал-лейтенант ШАФРАНОВТЫ, генерал-лейтенант ЛУЧИНСКИЙДІ, генерал-майор ШЕДРИННІ, генерал-майор РОГАЧЕВСКИЙДІ, генерал-лейтенант ИВАЩЕНКОНЫ, генерал-майор ИНЯЗЬКОВТЫ, генерал-майор КЛЕШНИННІ, генерал-майор БАТИЦКИЙДІ, генерал-лейтенант ИВАНОВТЫ, генерал-лейтенант УРБАНОВТЫ, генерал-майор НИКИТИННІ, генерал-майор БЕРЕСТОВТЫ, генерал-майор САМОХВАЛОВТЫ, генерал-майор МИХАЛИЦИННІ, генерал-майор ХВАСЛОВТЫ, генерал-майор МАМОНОВТЫ, полковник ЛЕВИННІ, полковник БУЛАНОВТЫ, полковник ДЕМАНЫ, полковник ХАУСТОВИЧТИ, полковник ШАЦКОВТЫ, полковник РЫБАЛКОНЫ, полковник ПОПОВТЫ, полковник ВЯЗНИКОВЦЕВТИ, полковник ГРЕКОВТЫ, полковник АБИЛОВТЫ, полковник ТЕЛЬКОВТЫ әскерлері; артиллерия генерал-майоры СЕМИННІ, генерал-майор ПЕТРОПАВЛОВСКИЙДІ, артиллерия генерал-майоры ВЛАДИМИРОВТЫ, артиллерия генерал-майоры КАРАСАНОВТЫ, артиллерия генерал-майоры КОЛОТИЛОВТЫ, полковник ФЕДОТОВТЫ, подполковник ДМИТРУКТИ, подполковник ВЫБОРОВТЫ, подполковник МОИСЕЕНКОНЫ, подполковник ВЛАСЕНКОНЫ, майор ШИЛОВТЫ, полковник ЮСКОВИЧТИ, подполковник АФАНАСЬЕВТИ, подполковник ПОПОВТЫ, полковник АПРАНЕТОВТЫ, полковник КОРОЛЕВТИ, майор ЧЕБОТАРЕВТИ, полковник ПОПОВТЫ, полковник СТАРЫНИННІ, полковник ЗЕЛЕНОВТЫ, полковник БАБИЧТИ артиллерияшылары; полковник ЛУНАЧЕВТИ, полковник ОПАРИННІ, полковник БЕЛИНТИ, полковник ЛОБАНОВТЫ, подполковник ХУХРИННІ, майор КОТЛЯРОВТЫ, полковник КУЛИКОВТЫ, подполковник КРАПИВАННІ, подполковник ЗИРКАНЫ, подполковник ПРОХОРЕНКОНЫ, полковник ОСИПОВТЫ танкиштері; авиация генерал-полковнигі ХРЮКИННІ, авиация генерал-полковнигі ПАПИВИННІ, авиация генерал-майоры БЕЛОВТЫ, авиация генерал-лейтенанты ДАГАЕВТИ, полковник СКОАНЫ, авиация генерал-майоры ИВАНОВТЫ, авиация генерал-майоры ШЕВЧЕНКОНЫ, полковник ХАТМИНСКИЙДІ, подполковник ЗАКЛЕПАНЫ, полковник ПРУДИОВТЫ, авиация генерал-майоры МОЛКОВТЫ, полковник ЧУЧЕВТИ, генерал-майор НЕЧИПОРЕНКОНЫ, авиация генерал-майоры ЗАХАРОВТЫ, полковник ЗИМИННІ, подполковник САЖНЕВТИ, полковник ШИЛАРЕНКОНЫ, полковник АНДРЕЕВТИ, полковник КУЧМАНЫ, авиация генерал-майоры АЛЕКСАНДРОВТЫ, полковник ЛЕБЕДЕВТИ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майор ЖИЛИННІ, полковник БЕГДАНОВТЫ, полковник ВОРОНЦОВТЫ, полковник СЕВАСТЬЯНОВТЫ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры МИШИННІ, полковник БЕЛЫШЕВТЫ, полковник ПЛОТНИКТИ, подполковник МАРКОВТИ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 25 мартта, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіреттен екі екі дүркін артиллерия оғын атып, ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬ қаласын алған 3-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬДІ алу ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1944 жылғы 25 март.

№ 309.

Амгнхәлді батырға арналған ескерткіш

Дағыстанның көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткері орденді скульптор Хас Болат Асқар Сарджа Қазақстанда Совет үкіметін орнату жолындағы күресті даңқты ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ халқының ардагер ұлы, батыр Амгнхәлді Ескерткіштің жобасын жасап болды. Қазақ ССР үкіметінің тапсыруы бойынша Асқар Сарджа жасаған ескерткіш Алматы қаласында орнатылады. Ескерткіштің биіктігі 7 метрдей.

Совет Хабаршы бюросынан

24 МАРТТАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 мартта ДАНЦИГ бағытында 2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, ПРАУСТ қаласын алды және РОЗЕНБЕРГ, ЛАНГЕНАУ, ЦИПЛАУ, ГИШКАУ, РОТМАНСДОРФ, ШТРАШИН, ИЕННАУ, БАНКАУ, ХОХ-КЕЛЬПИН, КЛАЙН-КЕЛЬПИН, ГОЛЬДМУРГ, БИТТОМИН қыстақтарын алды. 23 марттағы ұрыстарда майдан әскерлері бұл ауданда немістердің 1000дай солдатты мен офицерін қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 24 мартта, Силезияда, ОДЕРДІҢ батыс жағында немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері — НЕЙССЕ және ЛЕОБШЮТЦ қалаларын, сол сияқты ГИСМАНСДОРФ, МИТЛЕР-НОЙЛАНД, ХАЙДАУ, ЛИНДЕВИЗЕ, ШНЕЛЛЕВАЛЬДС қыстақтарын алды.

3-УКРАИН майданының әскерлері БУДАПЕШТІҢ оңтүстік-батыс жағында немістердің 11 танк дивизиясының атакасын тойтарды, сөйтіп қорғау ұрыстарында жауды өлсіретті де бұдан соң шабуылға шығып, немістердің танк әскерлері тобын талқандады және ұзана бойына 100 километрден артық кең майданда 70 километр алға басты.

Шабуылдың барысында әскерлеріміз СЕНЕШФЕХЕРВАР, МОР. ЗИРЕЗ, ВЕС-ПРЕМ, ЗНИНГ қалаларын алды, сол сияқты 350ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ВЕРТЕШКЕТХЕЛЬ, РЕДЕ, БАКОНЬСЕНТЕАЦЛО, ЧЕСНЭК, МАРКО, ЖЕНТИРАЛЬСАБАДЬЯ, БАЛАТОНАЛМАЛЬ, БАЛАТОНКЕНСШЕ үлкен қыстақтарын алды.

Майдан әскерлері бұл ұрыстарда дұшпанның 6000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудың 745 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, 800ден аса жөй зеңбірегін және басқа көптеген қару-жарағы мен соғыс мүлкін жойды, қолға түсірді. Дұшпан тек әлдеі 7 мыңнан аса солдатты мен офицерінен айырылды.

Дұшпанның 11 танк дивизиясының ішінде, батыс майданнан ауыстырылған немістердің 66 6-танк армиясының қатарына кіретін жаудың 4 танк дивизиясы талқандады.

23 мартта барлық майдандарда немістердің 204 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 107 самолёті атып түсірілді.

25 МАРТТАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 25 мартта, КЕ-НИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында, ФРИШ ГАФ қолтығының жағалауы бойындағы немістердің қорғанатын ең соңғы тіректі бекінісі — ХАЙЛИГЕНБАЙЛЬ қаласын алды, сол сияқты ПАРТАЙНЕН, РЕМЗЕГУТ, КАЙМКАЛЛЕН, БРЕГДЕН, ШТАЙНДОРФ, КАРВЕН, ПРЕЙСИШ БАНАУ, ШЕТТНЕЙНЕН, ГЕРЛАНЕДОРФ, РАА-ДЕ, ЛЕЙЗУНЕН, ВЮСТЕРВАЛЬДЕ, РАУНЕНБЕРГ қыстақтарын алды. 24-25 марттағы ұрыстарда бұл ауданда майдан әскерлері немістердің 9 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 109 самолёт, 65 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 245 жөй зеңбірек, 176 пулемет, 3330 автомашина, 69 бронетранспортер қолға түсірді.

ГДАНЬСКИ (ДАНЦИГ) бағытында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп отырып, ГДАНЬСКИ (ДАНЦИГ) қаласының маңындағы ОЛИВА қыстағын және БОР-ГФЕЛЬД, КОВАЛИ, КАРЧЕНМЖЕ, КЛАЙН КАТЦ, ВИТТОМИН қыстақтарын алды. 24 мартта бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 1000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуылға шығып, ВЭРТЭШХЕДЫШГ қаласында (БУДАПЕШТІҢ батыс жағында) немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзып өтті, сөйтіп ЕСТЕРГОМ ауданында немістердің әскер тобын талқандап, 45 километр алға басты.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері ЕСТЕРГОМ, НЕСМЕЙ, ФЕЛЬШЕТ-ГАЛЛА және ТАТА қалаларын алды, сол сияқты 200ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ПОКОД, ТАТ, БАЙОД, ТАВАРОШ, ТАТАБАНЫЯ, БАНХИДА, КЕРНЬЕ, ДУНАЛЬМАШ, НАСААЙ, МОЧА, КОЧ, СЕНД, ЧАСАР үлкен қыстақтарын алды.

Бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз дұшпанның 7000 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудың 250 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін, 300ден аса жөй зеңбірегін және көптеген басқа қару-жарағы мен соғыс мүлкін жойды, қолға түсірді.

БАЛАТОН көлінің солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ЗАРАШЕЕД қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сияқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ПАПАТЕСЕР, БАКОНЬКОННАНЬ, ТАПОЛЬЦАФЕ, БАКОНЬЯНО, МАДЬЯРИОЛАНЬ, СЕНГАЛЬ, ТОТВА ЖОНЬ, БАЛАТОН-ФЮРЕД, ФЮРДЕТЕЛЕН қыстақтарын алды.

24 мартта барлық майдандарда немістердің 147 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 63 самолёті атып түсірілді.

3-Белорус майданының әскерлері дұшпанның Фриш Гаф қолтығының жағалауындағы әскерлерін жою жөнінде ойдағыдай ұрыстар жүргізді. Немістер өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Жаудан қолға түсірілген адамдар неміс командованының өз бөлімдерінің қауіпсіздігін арттыру үшін бірнеше төтенше шаралар қолданғандығын айтуға. Көптеген зеңбірек расчёттары офицерлермен толықтырылды. Жау әскер бөлімшелерінің соңына әсерші бөгеу отрядтары келді. Олар алып тұрған неміс тастап кетуге немесе қолға берілуге әрекет жасағаны үшін солдаттарды табан астында атып өлтірді.

Әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп отырып, батыс алға басуда. Хайлигенбайль қаласында кескілескен ұрыстар болды. Немістер әрбір үйді қорғану үшін жабдықтап, подвалдар мен үйлердің шағылаларынан нәсерлетіп оқ жаудырып тұр-

ды. Советтің шабуылшы топтары зеңбіректерінің көмегімен жауды қаланың оңтүстік шығыс жақ бөлегіндегі темір жол станциясы мен завод маңынан түріп шығарды. Завод үйлерінде жаудың 134 авиация моторы қолға түсірілді. Гитлершілдерден кварталдардың бірінен соң бірін тазарта отырып, әскерлеріміз бүгін қаланың солтүстік шет аймақтарына жетіп, немістердің Фриш Гаф қолтығының жағалауындағы қорғанатын ең соңғы тіректі бекінісі — Хайлигенбайль қаласын толық алды. Екінші бір бөлімдеріміз Пассарге және Банау өзендерінің аралығындағы ауданды дұшпаннан тазартты, сөйтіп бірнеше елді жерлерді алды. Қолға түсірілген немістердің саны барған сайын көбеюде.

дәрі бекіністі ауданның ішкі қабатына аяқ басты. Данциг қойнауының жағалауы бойымен алға басушы жау әскерлеріміз танкке қарсы қазылған ордан өтіп және жедел алға баса отырып, Глетткау өзенінен өтетін көпірлерді бүтін күйінде алды. Бұл көпірлер алынысымен-ақ олар танктер мен артиллерияны өзеннің арғы бетіне өткізу үшін пайдаланылды. Совет жау әскерлері мен танкшілері дұшпанды өкшелете қуа отырып, Гданьскі (Данциг) қаласының маңындағы қыстақ — Оливаға басып кірді. Әскерлеріміз кескілескен ұрыстардың нәтижесінде Гданьскінің солтүстік жағында 3 километр жердегі бұл қыстақты алды. Гданьскінің іргелерінде совет бөлімдері жаудың көптеген қарым атақаларын тойтарды. Сөйтіп Елайн Катц поселкасын алды. Ұрыс болған жерлерде неміс солдаттары мен офицерлерінің өліктері төбе-төбе болып жайрап қалды. Бір күн ішінде дұшпанның 17 танкі, 52 зеңбірегі мен 58 минометі жойылды. Жауынгерлеріміз жаудан олжа, оның ішінде 5 танк, 6 темір жол эшелонның және түрлі соғыс мүлкін тиіген 600 ден аса вагон қолға түсірді.

Совет ұшқыптары Данциг қойнауында немістердің өздігінен жүретін 6 десант баржасын, 2 катері мен басқа кемелерін суға батырды. Дұшпанның соғыс кемелеріне бомбалардың дәл тигендігі байқалды.

2-Украин майданының әскерлері шабуылға шықты. Совет жау әскер бөлімдері артиллерия мен авиацияның көмегімен дұшпанның қорғанатын күшті бекінісін бұзып өтті. Будапештің батыс жағында, орманды таулардағы Вертэхедьшэгте немістер жолдарға бөгет жасады. Олар барлық учаскелерде танкке қарсы орлар қазып, миналар қойды. Бөлімдеріміз сапер бөлімшелерінің көмегімен таулы алқаптан өтіп, жазық жерлерге жетті. Дұшпан совет бөлімдерін Алталнай өзенінің батыс жақ жағалауындағы екінші бір қорғану шебінде тоқтатуға тырысты. Алайда, бөлімдеріміз артиллерияның жауға қарсы оқ атып, көмектесуімен өзеннен өтіп, бұл су шебін алды. Совет бөлімдерінің соққысының қауырт болғандығы сондай, тіпті немістер өздерінің барлық құрал-жабдықтарын тастап, тозғындай кері шегінді. Майдан әскерлері жауды өкшелете қуа отырып, Венгрияның өнеркәсіпті қаласы — Татаны алды, сөйтіп Дунай өзенінің оңтүстік жақ жағалауына шықты және Естергом — Комарно темір жолын кесіп өтті. Сонымен, Естергом қаласы ауданындағы немістердің әскер тобы Дунайға қарай тықсырылды. Әскерлеріміз дұшпанды барлық жақтап қыспаққа ала отырып, немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекінісі — Естергом қаласын алды. Совет әскерлерінің қауырт ұрыс қиймылдарын жүргізуі нәтижесінде дұшпанның Естергомдағы әскер тобының қалдықтары жағалаудағы тар алаңға қуып тығылды. Қазір артиллериямыз бұл учаскені айнала атқылауда. Немістер Дунайдың солтүстік жағалауына қарай өтіп кетуге тырысуға, Совет ұшқыптары дұшпанның өткелдеріне үздіксіз соққы бере отырып, оның қайықтарын, желкендері мен паромдарын суға батырды. Гитлершілдердің басым көпшілігі өзенге кетіп өлді.

Балатон көлінің солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдері 20 километр алға басып, Варош хед қаласы үшін ұрыстар бастады. Қаланың іргелерінде дұшпан ірі күштерін топтастырып, таптыресе қарсылық көрсеті. Әскерлеріміз неміс танктерінің қарсы атақаларын тойтара отырып, Варош хед қаласына басып кіріп, оны алды. Жаудан көптеген складтар, паровоздар мен жүк тиіген вагондар қолға түсірілді. Күн тәулігі ішінде дұшпанның 64 танкі мен 42 бронетранспортері ортады қыйратылды.

МАЛ ҚЫСТАТУДЫ ҮЛГІЛІ АЯҚТАЙЫҚ

Озат колхоздың малшылары

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозы аудандағы малды колхоздардың бірі болып саналады. Мұнда түлік өсірудің 1944 жылға деген жоспары малдың барлық түрінен артығымен орындалды. Қазір колхозда 387 қара мал, 110 жылқы және 990 қой бар.

Колхоз председателинің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Смағұлов жолдас мал өсірушілер арасында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы мереке алдындағы социалистік жарысты нәрменіше өрістетті. Осының нәтижесінде Дүйсебидің, Шалабаева, Тоғанбаева, Бәжірбаева және Көшімбаева жолдастар сияқты мал өсірушілер мен жылқышы Қанапін жолдастар қысына күтімді барған сайын жақсартуда.

Колхоз басқармасы озат малшылардың ынтасын арттыру үшін олардың еңбек күндеріне қосымша ақыға бір-бір мал берді.

А. ҚАЗИЕВ.

Таңдаулы малшылардың калининдіктерге жауабы

Преснов ауданындағы «Баян» ауыл шаруашылық артелінің мал өсірушілері малдың төлден өсетіндігін ешуақытта естерінен шығарған емес. Сондықтан да олар төл алу маусымын өткізуде көрнекті істер атқарып жүр.

Сауыншы З. Рамазанова жолдастың қарауында 14 сыйыр бар еді. Мұның қазір 8 бұзаулады. Рамазанова жолдас алынған төлдердің бәрін аман өсіруде. Осы сияқты А. Сарсенбина жолдастар бұзаулардан 10 сыйырдан түйеке-түйеке төл өсіруде.

Қой фермасының шопаны Е. Ақметова және Б. Ақметова жолдастар колхозшылар арасында зор беделге ие болды. Бұлардың қарауында 688 қой, енікі бар. Мұның 108 төлдеп, олардан 135 қозы алынды.

—Төл алу маусымын үлгілі өткізу — калининдіктерге берген алғашқы жауабымыз, — дейді бұл таңдаулылар.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

МАЛ ШЫҒЫНСЫЗ ӨСІРІЛУДЕ

Копяхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының мал өсірушілері Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасып, калининдіктердің шақыруына іспен жауап береді. Олар мал қытату маусымын ойдағыдай өткізу үшін күш жұмсап жұмыс істеп жүр.

Ферма бастығы Салахонин жолдас мал өсірушілер арасында бірталай ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Ол мал өсірушілермен үнемі әңгімелесіп отырады. Мал өсірушілерге мал қыстату маусымын соғыстағыша өткізудің шараларын белгілеп береді.

Міне осының нәтижесінде колхозда қыс бойы бірде-бір мал шығын болған жоқ.

Н. СЫРЛЫБАЕВ.

ОЗАТ ШОПАН

Төлеген Дауылбаев жолдас Ленин ауданындағы «Мәдениет» колхозында қой фермасы ұйымдастырып бері шопан болып істеп келеді.

Ол қой төлін аман өсіруге уәде берген болатын. Төлеген бұл сөзін абыроймен орындап шықты. Өзіне бекітілген 200 саулықтан 195 қозы өсіріп, қосымша ақыға 3 қой алды.

Төлеген былай да қой басынып көбейуі үшін жанамай еңбек етуде. Ол 120 саулықты аман қоздатып, 150 қозы алды.

Қ. ШӘКЕНОВ.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Колхоздардың егіске әзірлігін байқауды үлгілі өткізейік

Егіс алаңы сапалы тұқыммен қамтамасыз етілсін

Пресноп ауданындағы «Сарман» колхозының колхозшылары калининдіктердің мереке алдындағы социалистік жарысты ұйымдастыру жөніндегі шақыруына колхоз өндірісінде қажырлы қайратпен жұмыс істеп, жауап беруде. Колхоздың темір ұсталары Сибанов және Рахметов жолдастар мереке алдындағы жарыс күнде рінде еңбек енімін үнемі арттыруда болып отыр. Осының нәтижесінде барлық ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын сапалы түрде жөндеді.

Колхоз председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Н. Самасев жолдастың зор ұйымдастырушылық қабілеті қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етті. Мұнда 450 гектар алаңға қар тоқтатылды және 50 тонна көң тасылып төгілді. Огород егістерінің алаңдары үшін 3 центнер күс қымы және 8 центнер күл жыйылды.

Колхозда егіс жұмыстарының жоспары жасалып, Тұрақты звено ұйымдастырылды. Егін бригадасының бригадирі Жаманбаев жолдас звеноларға адам күшін, жұмыс малдарын бөліп берді және егіс алаңын тағайындады. Жұмыс малдарының күйі ортадан жоғары дәрежеге жеткізілді.

Колхоздың көктемгі егіске әзірлігінде елеулі бір кемшілік бар. Ол—мұнда 90 центнер егіс тұқымы жетіспейді. Колхоз басшыларының бүгін таңдағы жауынгерлік міндеті—егіске әзірліктегі табыстарды барған сайын дамытып, егіс алаңын қайткен күнде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету болып саналады.

Ө. АРҒЫНБАЕВ.

КАРТТАРДЫҢ МӘСЛИХАТЫ

30 мартта Ленин ауданында карт колхозшылардың мәслихаты шақырылды. Мәслихатқа 75 адам келді.

Карттар өздерінің егін өсірудегі көп жылғы тәжірибесін және жастарға қалай үйретесін жүргендігін айтты. Мұнымен бірге, олар дәнді егісті күту жолдары және егіннен мол өнім алуға хажетті жағдайлар жөнінде тәжірибе ауыстырды.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Көмекші шаруашылықтар егіс алдында

КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы өзінің егін шаруашылығы жөніндегі қаулысында бірталай кемшіліктерді атап көрсетті, сөйтіп 1945 жылы колхоздарда, совхоздар мен көмекші шаруашылықтарда ауыл шаруашылық егістерінің өнімін молайтудың нақтылы шараларын белгілеп берді. Қааламызда өнеркәсіп орындарының күнсаған өсіп келе жатқанына байланысты, көмекші шаруашылықтардың қала еңбекшілерін овоң және картофпен қамтамасыз ету ісінде ерекше зор маңызы бар.

Өткен жылдың тәжірибесі бірталай көмекші шаруашылықтардың егін өнімін молайту жолында жеткіліксіз күрес жүргізілгендігін, егіс мерзімін ұзаққа созып алғандығын, жер өңдеу және егінді баптау кезінде агротехникалық шараларды тоқтатпағандығын, міне осының салдарынан егін өнімінің төмен болғандығын көрсетті. Бірталай көмекші шаруашылықтар бұл сияқты күрделі кемшіліктерді былайда қайталамау үшін күресіп, 1945 жылдың көктемгі егісіне әзірлік жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырды. Көктемгі егіске әзірлікті өнер кәсіп ауданының көмекші шаруашылықтары мен жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері үздік көмді. Ал Темір жол және Орталық ауданда-

ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІКТІҢ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Соколов ауданының Киров атындағы және «Большевик» колхоздары өзара колхоздың егіске әзірлігін тексерді. Тексеру комиссиясы жұмыс малдарының жөйін, жөндеген құрал-саймандардың сапасын, колхоздың тұқыммен жабдықталуын және қысқы агротехникалық шаралардың қолдануын байқады.

Тексерісте «Большевик» колхозы қолда бар тұқымды тазартып, егістік сапаға жеткізгендігі, тұқымды сақтау ісін ойдағыдай ұйымдастырғандығы анықталды. Бірақ, колхозда әлі де болса егіс тұқымының жетпейтіндігі атап көрсетілді. Комиссия тұқым жөніндегі кемшілікті дереу жоюды, 10 апрельге дейін 8 арбаның жөндеуін қамтамасыз етуді және көң табу тағы басқа жергілікті тыңайтқыштар-

ды әзірлеу жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруды колхоз басшыларының алдына жауынгерлік міндет етіп қойды.

Сол сияқты комиссия Киров атындағы колхоздың басшыларынан да 10 апрельге дейін егіске әзірліктің барлық жағынан аяқталуын қамтамасыз етуді талап етті.

Екі колхоздың өзара егіске әзірлігін тексеру қорытындысы колхозшылардың жалпы жыйылысында талқыланды. Колхозшылар тексерісте көрсетілген кемшіліктерді дереу жөйіп, егіске барлық жағынан әзір болуға міндеттенді, ол үшін Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстамақ болды.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

Мол өнім сапалы тұқымнан өнеді

Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» ауыл шаруашылық артелі көктемгі егіске әзірлікте едәуір табыстарға ие болды. Егін бригадасының бригадирі Дүйсеков жолдас құрал-саймандарды жөндеу және агротехникалық шараларды жүзеге асыру жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырды. Осының нәтижесінде барлық құрал-саймандар сапалы түрде жөнделіп, комиссиямен қабылданды. Құрал-саймандарды жөндеуде темір ұстасы Жәбенов жолдас зинбай жұмыс істеудің тамаша үлгілерін көрсетті. Колхозшылар 200 гектар егіс алаңына екі рет қар тоқтатты.

Колхозда өгіздер мен жұмыс аттары күтімге қойылып, олардың қоңы жақсартылды. Жұмыс малдарын күтуде кілең таңдаулы колхозшылар жұмыс істеп жүр.

Колхоз басшылары егіске әзірліктегі

негізгі мәселе—тұқым әзірлеу мәселесінен көңге қалды. Колхоздың егіс тұқымымен толық жабдықталуын қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан колхозда тұқымның жеткіліксіз екендігін былай қойғанның өзінде қолда бар тұқым егістік сапаға жеткізілмей отыр. Ал айырбастауға жататын тұқымды айырбастау ісі әлі қолға да алынған жоқ. Колхозда егіске әзірліктегі кемшілік осындай.

Колхоз басшылары жетпейтін егіс тұқымын іздестіру жұмысын және қолда бар тұқымды өңгіштік сапаға жеткізу ісін мықтап қолға алулары керек. Егіске сапалы тұқым әзірлемейінше, егіннен мол өнім күтуге болмайтынын түсінетін мезгіл жетті.

К. СЫРЛЫБАЕВ.

ЕГІСКЕ ӘЗІР

Жақын арада Мамлют ауданының Каганович атындағы колхозы мен «Свободный труд» колхозы өзара социалистік жарыс шартын тексерісті. Мұнда Каганович атындағы колхоздың көктемгі дала жұмыстарына мүлтіксіз әзірленгендігі анықталды. Колхоздағы барлық құрал-саймандар сапалы жөндеді. Жұмыс аттары мен өгіздердің қоңы жақсартылды. Жұмыс ат-

тарына керекті жегу өзбелдері әзірленді. Колхозда егіс тұқымы жеткілікті. Трактор және егін бригадалары үшін, тракторшылар мен колхозшылардың тұрмыс хажетін өтеуге керекті аспаптар ерте бастап дайындалып, олар сенімді колхозшыларға бекітіліп берілді.

М. ХОЛИН.

Егісті үлгілі әзірлікпен қарсы алмақ

Өткен жылы Булаев ауданындағы «Победа» колхозы ауыл шаруашылығы өнімінің барлық түрінен мемлекет алдындағы борышты мерзімінен бұрын өтеп, жегіс қорына жоспардан тыс 200 центнер астық тапсырды. Колхоз мүшелері былай да бұл табысты баянды ету және өгіннен мол өнім алу үшін егіске әзірлік жұмыстарын ерте қолға алды.

Колхоз басқармасы әрбір звеноға, бригадалаға және жеке колхозшыларға көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының тапсырмаларын берді. Тапсырманы орындамайынша жұмыстан кетпеу—айнымас даядыға айналды. Жұмыстың әрбір учаскесіне жауапты адамдар колхоз председателине ауық-ауық есеп беріп отыратын болды. Құрал-сайманның ойдағыдай жөндеуін қамтамасыз ету үшін колхоз басқармасы ұста дүкенін түрлі жабдықтармен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды.

Міне, осының нәтижесінде қазір барлық соқалар, тырмалар, тұқым сепкіштер және жегу өзбелдері түгел жөндеді. Егіс тұқымы да жеткілікті мөлшерде әзірленді. Құйылған тұқымның өңгіштігі 93 процентке жеткізілді.

Өткен жылдың тәжірибесі бойынша колхозшылар быйыл бидай және тары егісі үшін 200 гектар жаңа жерді игермек болып отыр. Бұл жөнінде, әсіресе М. Губенко жолдас басқарған мол өнімшілер звеносының мүшелері көп жұмыстар істеді.

Колхозда егін және трактор бригадалары құрылып, нығайтылды. Барлық звено бастықтары мен бригадирлер агрономиялық үйірмеде оқып жүр.

Колхозшыларды егіс кезінде мәдениетті қамту үшін бір талай жұмыстар істемді. Егіс басында мәдени қосы жабдықтады. Онда қызыл мүйіс үйі болмақ.

«Победа» колхозының мүшелері 1945 жылдың көктемін жауынгерлік әзірлікпен қарсы алмақ. Сөйтіп егісті мерзімінде жоғары агротехникалық дәрежеде өткізіп, егіннен мол өнім алу үшін алатындықтардың шақыруына іспен жауап беруде.

Ә. МҰХАМЕДРАХЫМОВА.

геруен» артелінің көмекші шаруашылықтарында тракторларды жөндеу жұмысы әлі күнге дейін қолға алынбады. Бұлардағы шаруашылық басшылары тракторлардың жөндемеуін «қосалқы бөлшек жоқ» деген бөгде себеппен түсіндірмекші болып, өздерінің іске ікемсіздігін бүркемелеуге, тырысады. Олар көрсетілген көмегі жұмысқа толық пайдаланбай отыр.

Облыстық сауда бөлімінің, қалалық ден саулық сақтау бөлімінің және облыстық ұй шаруашылығы басқармасының көмекші шаруашылықтарында жұмыс малдарын көктемге әзірлеу ісі былай түрсіп, қайта олардың қоңы соңғы кезде төмендеп кетті. Тіпті бірталай жұмыс малдарының ауруға ұшырауы етек алды. Бұл көмекші шаруашылықтарда жұмыс малдарының егіс кезінде немен азықтан-дырылатынын да белгісіз. Бұл жағдайда егісті көрсетілген мерзімде өткізуге болмайтындығы, мұның ақыры агротехника шараларының бұрмаланып, егін өнімінің төмендеуіне әкеліп соғатынын даусыз.

Кейбір көмекші шаруашылықтардың басшылары жер жоқ дегенді бетке ұстайды: Бұл—барын тұрған жауапсыздық әрі топастық. Өйткені көмекші шаруашылықтардың және жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің барлығына дерлік қолайлы жерлер бөлініп берілді. Тек ғана сол жердерді ұқыптан пайдалана білу керек.

Егіс басталатын күн алыс емес. Сондықтан артта қалған шаруашылықтар-

басшылары егіске әзірліктегі жайбарақаттықты дереу жоюға, ол үшін құрал-саймандар мен тракторлардың жөндеуін аяқтауға, қол құралдарының әзірленуін қамтамасыз етуге тиіс. Егіске әзірліктегі негізгі мәселе—тұқым шаруашылығы. Олай болса, талудағы күндер ішінде егіс тұқымын толық құйып, оны егістік сапаға жеткізу керек.

Жұмыс малдарына ерекше көңіл бөлінсін. Егіске пайдаланатын жұмыс малдары күтімге қойылып, олар қазірге және көктемгі егіс кезіне жетерліктей құнарлы мал азығымен қамтамасыз етілсін. Көмекші шаруашылықтарда егіс жұмыстарының жоспары жасалып, ол жоспарлар жұмысшылар мен қызметкерлердің жалпы жыйылысында талқыланып бекітілсін.

Егіс алдындағы бұл талаптарды орындауда партия, комсомол ұйымдары көмекші шаруашылық басшыларына қолма-қол көмек көрсетуге, сөйтіп КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы қаулысының мүлтіксіз жүзеге асуына, сонымен көмекші шаруашылықтарда бітік егін өсіртуін қамтамасыз етуге басшылық етуге міндетті.

З. МЕЗЕНЦЕВА,

Қалалық совет атқомі ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі.

Халықаралық шолу

Солтүстік Померанияда, Данциг және Гдыня аудандарында жаудың ірі әскер тобын қоршап алған маршалдар Жуков пен Рокоссовский басқарған әскерлердің құрметіне берілген салют даусы семін ұл термостен-ақ немістердің Фриш Гаф қолтығы жағалауындағы күшті тіректі бекінісі—Браунсберг қаласын алған Маршал Василевскийдің әскерлеріне құрмет көрсетілді. Жаудан 16 мың адамды қолға түсіріп, Пойштадт, Козель тағы сол сияқты стратегиялық маңызды бекіністерді алған Маршал Коневтің әскерлері герман армиясына тағы да күйрете соққы берді. Мұнымен қатар, одақтастар әскерлері Батыста Цвейбрюккен ауданында Зигфрид бекінісі шөбін бұзып өтті. Американың 3-армиясының бөлімдері немістердің Рейндегі маңызды порты, мұнымен қабат, химия өнеркәсібінің ірі орталығы Людвигсхафен қаласына келіп кірді.

Екі майданның қыспағына алынған Германия Біріккен ұлттар армияларының тегеурініне қарсы тұрып төтеп беру үшін өзінің барлық күшін жұмсауда. Одақтастар әскерлері жүргізген қуатты шабуылды ұрыс қыймылдарының нәтижесінде елде болған қиын-қиыстау жағдайды жасыруға тіпті Гитлер психикасының да мұрша ең келмей отыр. Генерал Дитмар кезекті шолуында Шығыста да, сондай-ақ батыста да «Германияның бағалы жердеп айырылып қалғандығы туралы» айтқан. «Біздің жалпы қорымыздың, ең алдымен біздің заттық қорымыздың сарқылуды, — деп мәлімдейді Дитмар, — осыған байланысты екендігін көріне-көзге ұғымғауға ешкімнің де қақы жоқ». «Ұзаққа созылатын ұрыс қыймылдарының жоспарларын» тұрғысынан қарағанда негізгі майдан Силезия мен Одардегі майдан деп есептейді Дитмар. Геббельс өзінің кезекті мақаласында Германияның жағдайын «мүшкіл» хал деп сыпаттауға мәжбүр болған. Қызыл Армияның қуатты соққысы Германияның шығыстағы майданын бөлшектеп, көптеген «қазан» орнатылуына әкеліп соқты, сөйтіп бұларда жаудың ірі әскер топтарының бірсыпырасы жойылып, бірсыпырасы құртылауда. Қазір Германия едәуір мөлшерде стратегиялық шикі затты мен азық-түлігі бар қуатты қорғаныс тораптары мен маңызды аудандарынан айырылып қалды. Одақтастар әскерлерінің шабуылы Рейннің батыс жағалауында Герман армиясының талқайдауына және бұл өзеннің шығыс жағалауында өткел аузында бекініс жасалуына әкеліп соқты. Болашақтағы ұрыс қыймылдары үшін бұл табан тірейтін шептің зор маңызы бар. Лондон радиосының хабары бойынша, Рейннің батыс жағында герман командованының 80 мың адамы бар екендігі болған. Бұлардан 38 мың адамды одақтастар қазірдің өзінде қолға түсірген. Сондай-ақ бұл жерде гитлершілер өлідей және жаралыдай орасан көп шығынға ұшыраған. Одақтастарымыздың бұл ұрыс қыймылдарының жаңа ірі ұрыс қыймылдары үшін тек әзірлік кезеңі екендігі күшсіз.

Бұдан әрі қарсыласудың үмітсіз екендігін сезушілік тіпті нағыз топас немістердің арасында да барған сайын өтпектәу. Германияның «Дейче цейтунген Корвеген» газеті немістердің еңсесі түспейді екендігін сыпаттай келіп, былай деп жазады: «Адамдар үндемейтін және тұйық олып қалды». Жабырқаушылыққа себеп

көп екендігін айта кету керек. Төк-төк болып шұбырған босқындар Германия жолдарын басып кетті. Азық-түлік тапшылығы үсті-үстіне шиеленісуде. Қанып-пезер фашистер мен Гестапошылар құрылтын күннің таялғанын біліп, өздерінің белгілері мен билеттерін көң-қоқыр жәшіктеріне тастап, өздерінің істеген қылмысы үшін жазадан бой сақтауға тырысып, жалған документтер жасауда.

Дегенмен, бұл жағдайда Сталин жолдастың, жанталасқан гитлершілер күрестің нағыз зұлымдық әдісін қолданбақ деген алдын-ала ескертуін еске салу хажет болады.

Финляндия Сейміне аяқталған сайлауға шетел баспасөзі назар аударып отыр. Финляндия—Гитлер Германиясының бұрынғы сыбайласы, ол бұл соғыста үш жыл бойына Германия жағында болып соғысты. Совет әскерлері Фин армиясын талқандады, сөйтіп бұдан әрі күрес жүргізудің үмітсіз екендігіне байланысты Финляндия уақытша бітім жасауға риза болды. Уақытша бітімнің адамгершілік шарттары Советтер Одағының Финляндия мен достық қатынас орнатылуын қамтама сыз өтуді көздегенін сыпаттады.

Бұл үшін Фин үкіметінің уақытша бітім шартын дөңселе орындауы Финляндияның Германияны жақтаушы бұрынғы үкіметінің (Рюгидің, Таннер, Ленкомисстің) саясатынан қол үзу және соғыс қылмысшыларын жазалау талап етілді. Алайда, Фин үкімет орындары бұл шарттардың бәрін осы уақытқа дейін тыңғылықты түрде толық жүзеге асырмай келеді. Сеймге сайлау елдің қоғам өміріне жаңалық енгізуге, Финляндияның ССРОға қарсы неміс агенттері және олардың фашизм қолшоқпарлары жүргізген әрекеттен тазартуға тиіс еді.

Финляндияның бас-министрі Паасикиви өзінің мәлімдемесінде атап көрсеткендей, ешбір қысым жасалмай жүргізілген сақлау Фин Сеймінде кейбір маңызды мәселері тұтылды. Толық қорытынды шығарылмағанымен, алдын-ала ақпараттардың өзі Финляндия халқының демократияшыл одағының табысқа жеткендігін сыпаттайды. Демократияшыл одақтың жаңа ұйымы елдің саяси өміріне сайлауда прогресшіл программа енгізіп, Сеймнен 50 шақты орын алды. Мұнымен қатар, Финнің социал-демократиясы 150 мыңнан аса дауыспен 35 шамалы мандаттан айырылып қалды. Бұл қорытындылар Фин халқының бұхарасының пікірін сыпаттайды. Швеция «Арвстарен» газеті сайлауда Фин социал-демократиясының қатты жеңіліске ұшырағандығын айта келіп, мұндай жағдайда істің мәнісі соңғы жылдардағы үкіметтердің зұлымдық істегені үшін жауапты адамдарға сенбеушілік жөнінде болып отыр деп жазады. Сайлау алдындағы жыйылыстар үшін көбінесе үй болмай өте мөте қолайсыз жағдайда өткізілген сайлауда демократияшыл одақтың жеңіске жетуі қалың бұхараның өзінің бұрынғы сұрғылт өмірінен қол үзуге ынталы екендігін дәлелдейді. Осыған байланысты, демократияшыл одақ программасының негізгі буынының бірі Советтер Одағы мен және Біріккен ұлттармен достасуды талап ету болып саналатындығын атап айтуға болмайды.

Г. БЕСПАЛОВ.

120 ЛИТР СҮТ ТАПСЫРДЫ

Ленин ауданындағы «Заря востока» колхозының мүшелері Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа іштасып, мемлекетке сүт тапсыруды ығдырда. Олардың басым көпшілігі

гі қазірдің өзінде мемлекетпен толық есеп айырысты. Колхозшы М. Горлова және Т. Богданова жолдастардың әрқайсысы мемлекетке 120 литр сүт тапсырды.

А. БУГАЕВ.

ОБЛЫСЫМЫЗДА ЛЕКЦИЯ ОҚЫЛДЫ

Жақын арада Н. заводында партия ұйымының секретарі Денисенко жолдастың ұсынысы, бойынша жұмысшылар мен инженер техник қызметкерлері арасында «Совет әйелдерінің бейнесі» деген тақырыпта лекция оқылды. Облыстық әдіс кабинетінің лекторы Москвина жолдас заводтағы жас жұмысшыларға қазіргі уақытта, Ұлы отан соғысы күндерінде совет әйелдері мен қыздарының ат қарып жүрген ролін, ерліктерін айқып айтып түсіндірді. Ол совет әйелдерінің өз отайын қалай сүйетіндігін, совет әйелдері кіші пейіл, батыл, әрі еңбек сүйгіш екендігін атап көрсетті.

СЫЙЛЫҚ АЛДЫ

Мамлют ауданындағы бірқатар аңшылар аң аулау жоспарын артығымен орындап, сыйлықтар алды.

Оның ішінде Молотов атындағы колхоздың аңшысы Кузнецов жолдас 2300 сомның аң терілерін тапсырып, 30 килограм жарма, 25 килограм қант, 30 ширек шай алды.

Мамлют аудандық советі Кузнецов жолдасқа сыйлыққа бір тон берді.

Сауатсыздар үшін кешкі мектеп ашылды

«Мәдениет» колхозының колхозшылары (Ленин ауданы) Алматы облысы интеллигенциясының республикамыздың барлық интеллигенциясына арнаған үндеуін талқылағаннан кейін, республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа қосылып, нақтылы міндеттемелер алды.

Қазір бұл колхозда колхозшылардың сауатсыздығын жою үшін кешкі мектеп ашылды. Колхозшыларға бастауыш мектептің оқытушысы Қалнева жолдас еңбек береді. Колхозшылар қазір оқуға белсенді қатысуда.

ІГІЛІКТІ БАСТАМА

Соколов ауданының Чанав атындағы ауыл шаруашылық артелінің мүшелері—майданшылардың әйелдері Канустина және Енышпа жолдастар тамаша игілікті бастамаға жаршы болды. Олар колхозға қарызға егіс тұқымын беру ісін бастады.

Отаншыл әйелдер өздерінің жеке мейіптерінен колхоздың тұқым қорына 40 килограмнан үлес қосып, барлық колхозшыларды өздерінен үлгі алуға шақырды.

Колхозшылар бұл бастаманы қызу қолдады. Сөйтіп, бір күн ішінде колхоз үшін 5 центнер картоф тұқымын жыйнады.

Е. ЧЕПУРОВА.

УТЫС ТИРАЖЫ

Москвада 3-Бесжылдық қарызының (3-жыл шығарылуы) 17-ұтыс тиражы болып өтті.

Тиражда 134743200 сомның 846400 ұтысы ойналды. (ТАСС).

ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1941 жылғы 19 марттағы № 599 қаулысының және ССРО Қаржы Халық Комиссарының 1945 жылғы 2 февральдағы № 45 нұсқауының негізінде, Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы бөлімі, барлық мекемелердің, ұйымдар мен кәсіп орындарының 1945 жылғы бірінші майға дейін еңбек ақы қорларын, әкімшілік—шаруашылық шығындарының сметасын тіркеуден өткізуге міндетті екендігін барлық мекемелердің, ұйымдар мен кәсіп орындары басшыларының есіне салады. Тіркеу жұмыстары аудандық, қалалық қаржы бөлімдерінде жүргізіледі. 1945 жылға арналған штаттар тіркеуден өтпейінше, мемлекеттік бапқа еңбек ақы ретінде және әкімшілік-шаруашылық шығындарына жұмсалатын қаржы ретінде ақша босатпайды. Штаттарды тіркеуден өткізбеген ұйымдарға қаржы алу жағынан шек қойылады.

Облыстық қаржы бөлімі.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 25 март. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованысі штабының хабарында былай делінген: Нейманның оңтүстік-шығыс жағында және Рур облысының солтүстік жағында Рейннен өткен одақтастар әскерлері батыл алға басуда. Шабуылдың бас кезінде әлсіз қарсылық көрсеткен дұшпан қазіргі күнде қасарыса қарсылық көрсетуде. Алайда одақтастар әскерлері өздерінің табан тірейтін шептерінде мықты бекінді. Ресс және Динслакенгит қалаларында ұрыстар болып жатыр. Одақтастар әскерлері Липпе каналы бойындағы Шлюзе қаласын, сол сияқты Везель, Шпелен, Меллен, Верде, Маллен, Обербух және Вальзум қалаларын дұшпаннан тазартты. Одақтастардың әскер бөлімдері бірнеше жерде Рейннің шығыс жағына қарай 8 километр алға басты.

Рейннің арғы бетіне келіп түскен одақтастардың авиация бөлімдері жау әскерлердің шабуыл жасауынан бұрын бірнеше қыстақтарды алып, ең кем дегенде екі жерде шабуыл жасаушы жер бетіндегі әскерлермен қосылды. Бұл бөлімдер 5100-ден аса самолет-планерлермен келіп түсті. Десант бөлімдері Иссель өзенінен өтетін көпірді бүтін күйінде алып, жаудан көп олжа қолға түсірді.

Одақтастардың Ремеген маңындағы өткел аузындағы бекінісі секторының солтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері дұшпанның күшті қарсылығын жеңіп, Геннеф төңірегінде жаудың әлде неше қарсы атакасын тойтарды. Қазіргі күнде одақтастардың Ремеген маңындағы өткел аузындағы бекінісінің ені 53 километр жоғшыра қарай 16 километрге жетті.

Одақтастар әскерлері Майки мен Ворс аралығында Рейннің шығыс жақ жағалауындағы өткел аузындағы бекіністерін кеңейтіп, нығайтуда. Дұшпан әлсіз қарсылық көрсетуде. Одақтастардың әскер бөлімдері Рейннен өтетін көпір салды.

Саар облысында Рейннің батыс жағында дұшпанның ендігі қалған бекінісін қарсылық көрсету тораптарының бәрі жойылды. Дұшпан Зигфрид бекінісі шептерінің бірнеше тіректі бекіністерін ғана қорғап тұр.

Одақтастар әскерлері Калверсдейн солтүстік жағында, Майерсхейм маңында Рейнге қарай жақын келіп, Германияның Рейн алқабындағы бірнеше қалаларын алды.

23 мартта батыс майданда одақтастар әскерлері жаудан 20963 адам қолға түсірді. 24 мартта одақтастар авиациясы 10.000-нан аса самолетпен жорық жасап, жаудың Везель маңындағы шоғырланған әскерлері мен техникасын, ұрыстар болып жатқан жер аудандық қорғану бекіністерін бомбылады, сол сияқты жаудың қатынас жолдары, аэродромдары мен басқа да соғыс орындары бомбыланды.

ЛОНДОН, 25 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Американың 21-әскер тобының штабы жаңындағы тілшісінің хабары бойынша, 25 мартта фельдмаршал Монтгомеридің әскерлері ұзын бойына 40—48 километрлік кең майданда Рейннің шығыс жақ жағалауына мықты бекінді. Кейбір жерлерде өткел аузындағы бекіністің ұзындығы 10 километрге дейін барлады. Бұл бөлімдер десант әдімдарымен қосылып, алға басуда болды. Одақтастар әскерлері алған барлық табан тірейтін шептер қайра біртұтас өткел аузындағы бекініске айналды.

Жауанты редактордың орынбасары
Е. МҰХАМЕДЖАНОВ

Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы бөлімі салықтар мен мемлекеттік кірістер жөніндегі инспекторларды дайындайтын 3 айлық курсы ақушылар қабылдады.

Курсқа 17 жастан 35 жасқа дейінгі және ең кем дегенде 7 кластық білімі бар адамдар қабылданады. Есеп-бухгалтерия жұмысы жөнінде тәжірибесі бар адамдарға, отан соғысының мүгедектеріне курсқа қабылдау кезінде жеңілдіктер беріледі. Курсқа қабылданып отырған еңбек ақымен, күніне үш рет тамақпен және пәтер үймен қамтамасыз етіледі. Басқа жерден келгендердің жол шығыны төленеді. Курс 1945 жылғы 1 апрельден бастап жұмыс істей бастайды.

Адрес: Петропавл қаласы, Степанов көшесі, 129—үй. Облыстық қаржы бөлімінің қызметкерлер секторына келіп жолдауға болады.